

«Атырау облысы  
Білім беру  
басқармасының Индер  
ауданы білімбөлімінің  
«Махамбет  
атындағы орта мектебі»  
КММ



КГУ  
«Средняя школа имени  
Махамбета» отдела  
образования Индерского  
района Управления  
образования Атырауской  
области

Бұйрық

31.05.2023 № 116  
Жарсуат ауылы

Приказ

село Жарсуат

### 2023-2024 оқу жылында ыстық тамақтақтандыру туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-4 сынып аралығындағы 142 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып, тізімі жасақталып, бекітілсін (1-қосымша).

2. «Жалпыға міндетті орта білім қоры» есебінен бөлінген қаржы көлемінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының 5-11 сынып аралығындағы 20 оқушысын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында жаңа оқу жылы қарсаңында құрамын анықтап, бастауыш сыныптан шыққан тамақпен қамтылуға жататын отбасы балаларымен толықтырып оқушылар тізімі жасақталып, бекітілсін (2-қосымша).

3. Оқушыларға күнделікті берілетін ыстық тамақтың бекітілген ас мәзіріне сай дайындалуын, оның құрамы мен мөлшерін, дайындалу сапасын кулинарлық тағамдардың уақытылы ыстықтай ұсынылуын және осы тағамдардан күнделікті сынама жүргізілуін қамтамасыз етіп, мерзімді бақылауды іске асыру үшін төмендегі құрамда бракераждық комиссия құрылсын:

Ж.Рысбаева-мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, төрайымы;

А.Жанатова-мектеп медбикесі, мүшесі (өз келісімімен);

Қ.Адилбаев-мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі;

А.Осихина-ата-аналар комитетінің төрайымы (өз келісімімен);

Р. Қойшыбаева-ата-ана (өз келісімімен).

4. Мектеп бракераждық комиссиясының жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асыру (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын, тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бірқалыпты ыстық күйде

мәзіріне сай болуы) санитарлық-гигиеналық талаптардың мұқият сақталуын басты назарда ұстау, қадағалау медбике А.Жанатоваға міндеттелсін.

5. Алынатын азық-түлік өнімдерінің сапалы және отандық тауар болуын бақылауға алу мектеп асханасында тыйым салынған азық-түліктердің сатылмауына бақылау жасап барлық азық-түліктің сертификатының болуын қадағалау, дәруменді минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерінің оқушыларды тамақтандыру рационына енгізілуін қадағалау мектеп медбикесі А.Жанатоваға міндеттелсін.

6. Әрбір аптада күнделікті ас мәзірін жасап бекітіп отыру, оқушыларға ыстық тамақты құнарлы да сапалы дайындап, ыстық күйде ұсыну, және тамақ ішкен оқушылардың есебін алып жүргізу ЖК «Мырзахметова У.Л» аспазшысы Даукенбай Гүлжамалға міндеттелсін.

7. Бөлінген қаржының заң талаптарына сәйкес уақытылы, мақсатты, әрі тиімді жұмсалыуын қадағалау бас есепші К.Тулепкалиеваға міндеттелсін.

8. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың күнделікті қамтылуын, қамтылған оқушылардың күнбе күн нақты санын шығарып, есебін жүргізіп, табель дайындап әр айдың 25-не дейін есеп бөліміне жолдау әлеуметтік педагог А.Кадирибетоваға міндеттелсін.

9. Ыстық тамақпен қамтылатын аз қамтылған отбасы балаларының осы санатқа жататындығын растайтын құжаттарын жинақтап, уақытылы тапсыру сынып жетекшілеріне және әлеуметтік педагог А.Кадирибетоваға міндеттелсін.

10. Оқушылардың күнделікті екі мезгіл ішетін суын қайнатып дайындау және оның тазалығын сақтау техникалық қызметкер А.Қапашеваға міндеттелсін.

11. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау және басшылық жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Рысбаеваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.а:



Г. Ноғайбаева